

Мүгедектер қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсалған шығындарын өндіріп алу мөлшерін және тәртібін айқындау туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют аудандық мәслихатының 2017 жылғы 27 қаңтардағы № 12/2 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 6 ақпанда № 4043 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы мәслихатының 2021 жылғы 25 қарашадағы № 13/4 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы мәслихатының 25.11.2021 № 13/4 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы колдау туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі Заңының 16-бабы 4) тармақшасына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданының мәслихаты **ШЕШІТІ**:

1. Мүгедектер қатарындағы кемтар балалардың (бұдан әрі – кемтар балалар) ата-аналарының және өзге де занда өкілдерінің жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу (бұдан әрі – оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу) ай сайын әр балаға 3 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айқындалсын.

2. Келесі тәртіп айқындалсын:

1) оқытуға жұмсаған шығындарын өтеп алу "Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесімен тиісті оқу жылышының ішінде жүргізіледі;

2) үйде оқытылатын мүгедектер қатарындағы кемтар балаларға шығындарды өндіріп алу (толық мемлекет қарауындағы мүгедек балалардан басқа) ата-анасының біреуіне немесе мүгедек балалардың басқа занды өкілдеріне беріледі;

3) оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындысында көрсетілгендей, кемтар баланы үйде оқытудың қажеттілігі танылған жағдайда, өтініш берген айдан бастап сәйкестелген оқу жылышының 1 маусымына дейін тағайындалады;

4) шығындарды тоқтатуға әкеп соққан жағдайлар бар болғанда (мүгедек баланың он сегіз жасқа толуы, мүгедек баланың қайтыс болуы, мүгедектікті алып тастау, мүгедек баланың интернат-үйі немесе санаторлық мектепте оқып жатқан кезеңінде), төлемдер сәйкес жағдайлар туындағаннан кейінгі айдан бастап тоқтатылады.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы мәслихатының 09.09.2019 № 55/2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізілді және 2017 жылдың 1 қаңтарынан бастап пайда болған құқықтық қатынастарға тарайды.

Солтүстік Қазақстан облысы

*Мамлют аудандық мәслихаты
сессиясының төрағасы*

Д. Могунова

Солтүстік Қазақстан облысы

*Мамлют ауданы
мәслихатының хатшысы*

P. Нұрмұқанова

"КЕЛІСІЛДІ"

*"Солтүстік Қазақстан облысы
Мамлют ауданының
жұмыспен қамту және әлеуметтік
бағдарламалар бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің
басшысы*

B. Артимович

2017 жылғы 27 қаңтар

"Солтүстік Қазақстан облысы

*Мамлют ауданының
экономика және қаржы бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің
басшысы*

A. Биктимиров

2017 жылғы 27 қаңтар